

R.S.Karenov

About many-sided activity of the visible leader of Alashsky movement of Halel Dosmuhameduly

Life and activity of the outstanding public figure of the twentieth century, large scientist-educator Halela Dosmuhamedova are described. It is shown, how after February revolution of 1917 with the big eagerness it has taken part in political strike for the future of the people. The estimation of its activity in 1917 — on formation of military teams, training of youth is given 1919 to banking, publishing development in Republic. Reveal scientifically-educational activity of Halela in the twenties, its educational and pedagogical work in Tashkent and Turkestan edge. It is underlined especially, what contribution was brought by it in collecting of oral national creativity. Value of its scientific works on stories and ethnography is allocated. The conclusion that the further work on restoration historical justice concerning Dosmuhameduly as the representative of the most advanced part Kazakh intellectuals is necessary last century becomes.

ӘОЖ 94(574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov_r@inbox.ru)

Хайретдин Болғанбаев — Алаш қозғалысының қабырғалы қайраткері

Алаш партиясы көшбасшыларының бірі Хайретдин Болғанбаевтың өмірі мен қызметі бейнеленген. Оның жалынды журналист және ағартушы болғаны, сондай-ақ көптеген мақалалары ағартушылық бағыттағы «Қазақ» газетінде және Түркістан зиялыларының «Бірлік туы» газетінде жарияланып тұрғаны көрсетілген. Оның осы баспалармен белсенді араласқаны және Ташкент, Ақмола мен Қызылжар қалаларында халыққа білім беру жүйесінде қызмет атқарғаны айтылған. Оның ар және ождан адамы болғаны, сондықтан тоталитаризмге қарсы шығып отырғаны, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы жағына шыққаны кездейсоқ емес екендігі негізделген. Екі мәрте қуғындалғаны: 1928 жылы Батыс Сібірге жер аударылғаны, ал 1937 жылы атылғаны көрсетілген. Зерттеуші-ғалымдарға Алаштың көрнекті қайраткерлерінің бірі Хайретдин Болғанбаевтың шығармашылық мұрасын зерттеп насихаттауға бағытталған ұсыныс-тілек айтылған.

Кілтті сөздер: қайраткер, партия, газета, журналист, халық, еңбектер, қозғалыс, Алаш көсемдері, қуғын-сүргін, егемендік.

Kipicne

Тағдыр тәлкегіне тап болған асыл азаматымыз Хайретдин Әбдірахманұлы Болғанбаев биыл 120 жасқа толып отыр. Жалынды қайраткердің, қарымды қаламгердің абзал есімін есте қалдырудың қамын ойластырар шақ туды.

Оның тағдыры — қиын, бірақ кісі қызығарлық тағдыр. Ғұмыры ащы арманға толы, алайда адамға өнеге боларлық ғұмыр. Біз онымен енді ғана таныса бастадық. Әлі танып болғанымыз жоқ. Алаш қайраткері, ағартушы-ұстаз, ғалым, ақын, жалынды публицист екенін енді ғана біліп отырған жерлесіміздің күреске толы өмірі мен мұрасына там-тұмдап үнілген сайын оның қуатты тұлғасы зорайып, еңсесі биіктеп бара жатыр.


Қайраткердің жүріп өткен жолы туралы қысқаша мәліметтер

Хайретдин (кейде Қайретдин деп жазылады) Әбдірахманұлы Болғанбаев 1893 жылы (кейбір деректерде 1894 жылы) Ақмола облысы Қорғалжын өңірінің Жосалы атты ауылында дүниеге келген. Ол адам ретінде де, қоғам және саяси қайраткер ретінде де ерте есейіп, есімі жиырма жастан асар-аспас кезінде жұрт аузына ілініп, халыққа танымал болды.

1917–1918 жылдары М.Шоқай, С.Қожановтармен бірге «Бірлік туы» газетін шығаруға қатысады. 1918–1919 жылдары Ташкент қаласындағы педагогикалық курста оқиды, 1919–1921 жылдары

Ташкент, Орынбор қалаларында мұғалімдік қызмет атқарды. 1921 жылы Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынның тапсырмасымен Бұхарадағы басмашылар қозғалысына Энвер пашамен бірге жетекшілік етіп жүрген Зәки Уәлиди Тоғанмен кездесіп қайтты. 1922–1923 жылдары — Ақмолада, 1924–1927 жылдары Петропавловскіде (Қызылжарда) халыққа білім беру бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. 1928 жылы ОГПУ шешімімен «халық жауы» ретінде 5 жылға сотталып Батыс Сібірге жер аударылды. 1934 жылы айдаудан оралған соң Алматыға келген. Кейін қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарыағаш ауданына қарасты Қаптанбек ауылына көшіп барып, сонда тұрақтап қалады. 1937 жылы саяси қуғын-сүргін кезінде тұтқындалып, сол жылы 21 қазанда Ташкент қаласында атылған. 1958 жылы 26 ақпанда ақталды [1; 367–368].

Аз-кем сөз Х.Болғанбаевтың ата-тегі мен отбасы туралы айтсақ, Хайретдиннің аталары Арғын тайпасының бір негізгі тармағы болып саналатын Темеш руынан. Бабаларымыздан келе жатқан шежірелер бойынша [2] Темеш руы Қуандықтан тарайтындығы көрсетіледі (1-кестені қара.):




Хайретдиннің әкесі Әбдірахман Меккеге барып, елге келген соң Әбіш қажы аталған. Темеш руынан тараған 13 атаның ішіндегі Түгей бұтағынан (2-кестені қара.):

Хайретдиннің анасы туралы мағлұмат аз, ал оның жұбайы — Рахима Әкбарқызы (1903–1986). Хайретдин мен Рахима төрт перзент сүйген. Бүгінде Х.Болғанбаевтың жеке тұлғасы мен еңбегі толыққанды зерттеліп болды деп айтуға әлі ерте. Оның өмірбаянында әзірге көпшілікке беймәлім «ақтандақ» беттері бар. Сондай-ақ кей ғалымдардың ол туралы зерттеулерінде қайшылықтар да кездеседі.

Хайретдиннің ұлт алдында істеген ірі істері жайлы ықшамды деректер

Алаш мұрасын ыждаһатпен зерделеуші Д.Қамзабекұлы «Алаш ардақтысы Хайретдин Болғанбаев» дейтін мақаласында: «Біз халыққа түсінікті болу үшін аз сөзбен және нақты дәлелмен аталған тұлғаның ұлт алдында істеген ірі істерін санамалап өтейік» [3; 171–172], — деп жазады. Оның пайымдауынша:

Бірінші, Х.Болғанбаев — қазақ мемлекеттігінің дәстүрін жалғастырған Алаш қозғалысының белсенді мүшесі. Бұл жөнінде деректі «Қазақ» газетінен (1913–1918), «Бірлік туы», «Сарыарқа» газеттерінен (1917–1919) ұшырастырамыз. Сондай-ақ Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Шоқай мақалаларында, естеліктерінде, жазбаларында Х.Болғанбаев еңбегі, қасиеті ілтипатпен аталады.



Екінші, Х.Болғанбаев — халықаралық деңгейдегі қайраткер. Ол белгілі себеппен Қоқандта жарияланған Түркістан автономиясына қатысты істерге атсалысқан. Осындай ерекше ісі большевизмге қарсы тұрған Орталық Азия халықтарының күресіне белсене қатысуынан да көрінеді. Бұл туралы башқұрт зиялысы, эмигрант Зәки Уәлиди Тоған мен эмигрант Мұстафа Шоқай естеліктерінде жазады. Алғашқы Түркістан автономиясы түрік халқына ортақ болатын.

Үшінші, Х.Болғанбаев — ұлттық журналистика мен баспасөздің іргетасын қалаушылардың бірі. Ол — «Қазақ» газетінің тұрақты авторы. Сонымен қатар Хайретдин біраз уақыт түркістандық ұлт газеті — «Бірлік туының» редакторы болған және осы басылымды үздіксіз шығарысқан. Х.Болғанбаевтың бұл еңбегіне сол газеттердің өзі дәлел. Сондай-ақ бүгінгі зерттеу жұмыстары бұл туралы айта бастады.

Төртінші, Х.Болғанбаев — ұлттық ағарту ісіне де өлшеусіз үлес қосқан азамат. Ол Қызылжарда, Ақмолада, Ташкентте оқушыларға сабақ беріп, оқу-білім саласын ұйымдастырып, А.Байтұрсынов бастаған ағарту ісін дамытты. Бұл жөнінде замандастары газет-журнал беттерінде айтқан-ды.

Бесінші, Х.Болғанбаев — туған жерінің жанашыры. Ол Кеңес өкіметі тұсында Қазақстан территориясын айқындау ісіне көп үлес қосқан, осы мәселемен тікелей айналысқан мамандарға кеңес берген. Ақмола облысын Сібір төңкеріс комитетінен (Омбы) алып, Қазақстанға қосуда, Қорғалжын

ауданын айқындауда және сол жергілікті жер балаларын оқытып, көзін ашуда Хайретдиннің еңбегі орасан.

«Әрине, Х.Болғанбаевтың тарихи орнын әлі де болса жүйелеп, салалап көрсете беруге болады, алайда біз ең бастыларын айттық», — деп түйіндейді өз ойын Д.Қамзабекұлы.

Х.Болғанбаев — Алаш қозғалысының белсенді мүшесі

XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихының «ақтандақ» беттерінің біразы Алаш партиясы мен Алашорда үкіметіне тікелей байланысты. Ұлттық демократияшыл зиялылар — ұлт-азаттық мүддесін таратушы, қазақ халқының сана-сезімін оятушы, отаршылдыққа қарсы күреске дем беруші болды. Сондықтан да келешек ұрпақтың тәрбиесіне аса зор мән берген, тәуелсіздікке жету жолында құрбан болған Алаш қайраткерлері — ұрпаққа өнеге.

Алаш қозғалысы тарихының өзекті мәселелері, Алаш қайраткерлері, олардың идеялары мен қоғамға деген көзқарасы жайлы қазақ ғалымдары тек соңғы жылдары ғана еңбектер шығара бастады. Тарихымыздағы «ақтандақтарды» зерттеу осы шығып жатқан еңбектер мен құжат жинақтарының негізінде ауқымды түрде дәлелденуде. Осындай зерттеудің бірінде көрсеткендей, 1917 жылы 3 қарашада «Ресей халықтары құқықтарының декларациясы» жарияланды. Онда Ресей халықтарының теңдігі, еркіндігі, өзін-өзі басқару құқықтары, тіпті жеке бөліну және дербес мемлекет құру құқығы, сондай-ақ ұлттық және діни шектеулерді жою, саны аз халықтар мен этникалық топтардың еркін дамуын қамтамасыз ету туралы уәде берілді. Бұндай жағдайда қазақ зиялылары арасында ұлттың мемлекеттілігі туралы мәселе талқылауға түсті. Бұл мәселені қараған II Жалпықазақ съезінде бүкіл қазақ жерін, оның халқын біртұтас мемлекет туы астында жинауға бағытталған батыл қадам жасалды.

Ұлт тәуелсіздігін ісімен де, сөзімен де өркендетуге қайрат-жігерін жұмсаған Х.Болғанбаев «Қоқанд съезі хәм қазақ-қырғыз» [4; 74–77], «Алаш автономиясы» [4; 77–82], «Тұла бойлары қан сасиды» [4; 82–84], «Елдің жайы» [4; 84–87], «Өзгерістің бір жыл тәулігі» [4; 87–91], «Ташкент 18 (5-ші) апрел» [4; 92–95], «Феурал өзгерісі» [4; 95–97], «Совет үкіметі хәм Күншығыс (II)» [4; 98–100] дейтін шығарамаларында сол жылдардағы саяси-қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді түп-тамырынан қозғап баян етті [5]. Әсіресе бұл орайда оның «Алаш автономиясы» деген туындысында: «...Бірінші, Русияның ішінде болып жатқан үлкен ойран, зор бүліншіліктен Алаштың аман қалуы үшін, екінші, Алаштың түпкілікті ел болып, басқалармен қатар қызықты тіршілікке жетуі үшін сонда қабыл етілген қаулыларды кешікпестен іске асыруы өте қажет еді. Сол себепті жалпы съез соларды орындап іске асырудың қамына кірісуі үшін он бес кісілік бір ұлт кеңесі сайлап Алаштың барлық негізгі істерінің тізгінін соған тапсырылған хәм ол Алаш автономиясының жоғарғы хукіметі болғандықтан, оған «Алаш ордасы» деп ат қойған еді...

Алаш ордасы — ұлт істерінің басында тұратын күзетші. Ол ұлт қызметтерінің ұлы ұрғасын белгілеп, халықтың аталы істеріне бағыт көрсететін жетекші...» [4; 78], — деген тастүйін толғамдары, айшықты оралымдары тәуелсіздік тұсында айбынды да, айбарлы болып естілді.

Алашорда кезеңінде ұлт-азаттық қозғалыстың ауқымды бір бөлігі еліміздің оңтүстігін қамтыды. Алаш партиясының басына әлдеқандай қара бұлт төнгенде Хайретдин Әбдірахманұлы Мұстафа Шоқаймен, башқұрт Зәки Уәлиди Тоғанмен бірге ісі түркі жамағатына ортақ Түркістан автономиясын құруға белсене кірісті. 1917 жылы 26–27 қарашада Қоқандта өткен Түркістан мұсылмандарының өлкелік IV Төтенше съезі Түркістан автономиясын құру туралы қаулыны жариялады.

1917 жылы 1 желтоқсанда Түркістан автономиялық үкіметі өлке халқына Үндеу жариялады. Үндеуде Түркістан Ресей Федеративтік Демократиялық Республикасының автономиялық бөлігі болатынын мәлімдеді. Съездің өткізілген орны және автономияның әкімшілік орталығы Қоқанд қаласында орналасқандықтан, оны Қоқанд автономиясы деп те атады [6].

М.Шоқайдың, М.Тынышбаевтың, Х.Болғанбаевтың Қоқанд автономиясын құруы Сырдария, Ферғана, Самарқандтағы Әзімхан Кенесарин, Серқұл Алдабергенов, Есет Ақжолов, Санжар Әсфендияров, Сұлтанбек Қожанов, Қоңырқожа Қожықов, Нәзір Төреқұлов, Алдабек Мангелдин, Сағдат Шағмарданов, тағы басқалардың ерен қайраткерлігі Алаш баласының қай өңірде, қай уақытта болмасын ортақ мүдде төңірегінде тұтаса алатындығын, азаттық сүйгіштігін аңғартты. Сондай-ақ Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерінің, Мұстафа Шоқай бастаған Түркістан қайраткерлерімен саяси, адами ынтымағы олардың азаттық жолында бірлесіп күресе алатындықтарын дәлелдеді. Оны олардың өзара қарым-қатынастарынан, басында А.Байтұрсынов пен

М.Дулатов тұрған «Қазақ» газетінің, шығарушысы М.Шоқай мен Х.Болғанбаев болған «Бірлік туы» газетінің, Халел Ғаббасов, Имам Әлімбаев пен Райымжан Мәрсеков шығарған «Сарыарқа» газетінің бағыты мен мазмұнынан да айқын аңғартуға боларлық.

Алаш қозғалысының осы Алашорда кезеңі қазақ елінің мемлекет бола алатындығымен бірге, ең бастысы — халқымыздың бойында өз абыройы үшін күресе алар үлкен рухани жігердің бар екендігін, ел болып ұжымдасуға аса мүдделі екендігін, бостандықтың қадірін, теңдіктің бағасын білер дегдар сананың бар екендігін де қай жағынан болмасын әбден байқатты.

Өкінішке орай, 1918 жылдың ақпанында Түркістан-Қоқанд автономиясы большевиктердің әскери күшімен құлатылды. Кеңес билігінің бел алып келе жатқаны айқындала түсті. Бұл туралы Хайретдиннің «Тұла бойлары қан сасиды» атты мақаласы көп нәрсеге көзімізді жеткізеді. Осы еңбегінде ол Түркістан-Қоқанд автономиясын большевиктердің құлатуын, олардың жасаған қарақшылықтарын былай баян етеді: «31 ғинуардан 10 февральға шейінгі күндер Түркістан халқының есінен өмірінде шықпас. Ол күндерде адам-хайуан өзінің бет аузын Түркістан халқына ашық көрсетті.

Ол күндер — Түркістан тарихында сиямен емес, қанмен жазылатын күндер.

Адам пішінді жыртқыштардың ол күндерде қоқандық көшелерінде істеген сұмдықтарын естігенде денең түршігіп, қаның мұздайды. Жүгені сыпырылып, мейірімі кеткен, аузы көпіріп, көзі қызарған адам-хайуан қоқандық көшелерінде құтырған қасқырдай кәріні, жасты, еркекті, әйелді талғамай қырған күндер — ол күндер.

Топ пулемет отымен жалғыз хукімет әскерлерін ғана емес, бәлкі, неше мыңдаған обалсыз, бейбіт халықты қамыстай жапырып бүкіл қоқандық шаһарының күлін көкке ұшырған күндер — ол күндер.

Тозаңдай күнәсі жоқ есепсіз мұсылман халқының қаны судай шашылып, жана ғана қайтып, өсіп келе жатқан бостандық гүлінің адам пішінді жыртқыштар табанында тапталған күндер — ол күндер» [4; 82].

«Енді мен бұл қанды көріп бұрынғыдай тоң болып қала алмаймын. Бұл қан мені ұйықтатпайды. Бұл қан көз алдымда тұрғанда қалың мақталы дүрия көрпені жылы жамылып жата алмаймын. Тұншықтырады... түсіме енеді» [4; 84]. Бұл да қайраткердің осы шығармасында келтірілген жан айқайы.

Алаш зиялыларының бірлесе жұмыс істеу мүмкіндігінің болмауы — олардың ұлт мүддесі жолындағы қызметтерінің типтерін өзгертті. Бірақ Алаштың ең тұрлаулы, ең берік қайраткерлері мен қаламгерлері руханият саласындағы өздерінің қарым-қатынастарын үзбеді. Әлихан Бөкейханның Мәскеудегі қызметі, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған топтың Ташкенттегі қимылдары олардың қашан болмасын, қандай жағдайда болмасын ұлтпен бірге екендерін паш етті.

Қуғын-сүргінге ұшырай берген Х.Болғанбаев болса 1921 жылдың күзінде Ақмола қаласына кетіп, екі жылдан соң Қызылжарға ауысты. Екеуінде бес жылдай облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет етті.

Большевиктер болса Хайретдиннің ел ішінде қалуын қауіпті деп тапты. Оның көзін жоюдың қамын ойлады. Өжет қайраткер қайда жүрсе де мемлекеттік қауіпсіздік қызметі түп ізіне түсіп, қыр соңынан қалмады.

Х.Болғанбаев халықаралық деңгейдегі қайраткер болған

Хайретдин Болғанбаев — түркі тілдес халықтарға ортақ аяулы тұлға. Профессор Дихан Қамзабекұлының сипаттамасына көңіл аударсақ, «Хайретдиннің халықаралық және бір саяси қайраткерлігін ұмытпағанымыз жөн. Ізденіс кезеңінде Х.Болғанбаев, Д.Әділов, М.Әуезов, тағы басқа азаматтармен бірге Бұхара-Самарқандтағы басмашылармен қазақтың болашағына қатысты келіссөздер де жүргізген. Қазір біз басмашылардың баскесер емес, өз өлкесінің азаттығы үшін күрескерлер болғанын айтып жаза бастадық. Х.Болғанбаевтың осы бағыттағы саяси сауаттылығын, табандылығын З.У.Тоған «Естеліктерінде» (Мәскеу, 1997) ерекше жазыпты» [3; 174].

Тарихшы Дархан Қыдырәлидің көрсетуінше, «Зәки Уәлидидің «Бүгінгі Түрік елі Түркістанның жақын тарихы» деп аталатын сүбелі еңбегінде Х.Болғанбаевтың есімі екі жерде аталады. Оның бірінде Хайретдин Болғанбаевтың есімі Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовпен бірге «Қазақ» газетінің белсенді авторы ретінде аталса (аталған еңбек, 500-б.), енді бір жерде Болғанбаевтың аты Мұстафа Шоқай мен Сұлтанбек Қожановпен бірге «Бірлік туы» газетінің шығарушылары қатарында аталады (аталған еңбек, 506-б.). Міне, Зәки Уәлидидің қаламынан туған осы жолдар арқылы біз

Хайретдин Болғанбаевтың Түркістанның тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тігіп, қалам мен қаруды қатар алып, жан аямай күреске түскенін аңғарамыз. Оның біресе Орынборда, енді бірде Ташкентте, тіпті, Қоқандта жүріп халқына қызмет етуі сөзімізге дәлел болса керек» [7].

Сонымен, ұлы Мағжан ақыннан «бір теңі жоқ, бір кемі жоқ» деп баға алған Хайретдин Болғанбаевтың кезінде ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі болып отыр. Ол бүгінде киелі рухымен, қасиетті сөзімен, тегеурінді іс-қимылдарымен ортамызға оралды деп қуанышпен айта аламыз.

Х.Болғанбаев — ұлттық журналистика мен баспасөздің іргетасын қалаушылардың бірі

Әбіш қажы (Әбдірахман) жалғыз ұлының көзі қарақты, көкірегі ояу болғанын қалады. Хайретдин де бала күнінен зерек болып медресе, мектепті алғырлықпен тәмамдады. Осындай алғырлығының арқасында кейін жалынды публицист, қаламы қарымды журналист болды. Әсіресе ел жағдайы, қазақ тұрмысы, оның саяси құрылымы, отаршылдық езгінің зардаптары, патшалық жазалау саясатының құрбандары жөнінде өткір де батыл дүниелер жазды.

Қазақтың ең алғашқы қоғамдық-саяси және әдеби журналы — «Айқап» екені белгілі. Прогресшіл ұлттық интеллигенцияның органы 1911 жылдың қаңтарынан 1915 жылдың қыркүйегіне дейінгі аралықта Троицк қаласында алғашында айына бір рет, соңынан екі реттен шығып тұрды. Барлығы 88 нөмірі жарық көрді.

«Айқаптан» екі жылдан соң, «Қазақ» газеті жарық көрді. Жас Хайретдиннің мақалалары «Қазақ» газетінде 1913 жылдан бастап көріне бастады. Алаштың ақиық ақыны Мағжан Жұмабаевтың:

*Бортаң бала,
Бүгін қара,
Кәрі тай.
Бір кемі жоқ,
Бір теңі жоқ
Болғанбай, —*

дейтін атакты эпиграммасы [8] осы Хайретдинге арналған. «Қазақтың» бетіндегі Бортаң, Бортаң бала, Кәрітай, Қайыркен, Хайралдин Болғанбаев — осының бәрі бір автордың — Хайретдин Болғанбаевтың бүркеншік аттары болатын.

НКВД-ның тергеу хаттамасынан Хайретдиннің 1917–1918 жылдары Ташкентте «Бірлік туы» газетін шығаруға қатысқаны көрінеді [9; 187]. Бұл газет — алғашқы қазақ басылымдарының бірі. Негізін қалаушы әрі алғашқы редакторы — М.Шоқай. Газетті шығару ісіне Х.Болғанбаев пен С.Қожанов атсалысты.

Газет 1917 жылы Ақпан революциясынан кейін қалыптасқан қоғамдық-саяси жағдай, сондай-ақ ел ішіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы хабарларды жариялап, елді бірлікке шақырып, азаттық жолындағы күрестің жаршысы болды. Газет қазақтардан басқа, қырғыз, өзбек, татар, тағы басқа түркі халықтарының арасына кеңінен тарады. 1917 жылы тамызда өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыз съезі баспасөз туралы мәселе бойынша «жаңадан шыға бастаған «Бірлік туы» барша қазақ-қырғызға ортақ болсын» деген қаулы қабылдаған [1; 505].

1918 жылдың сәуір айында «Бірлік туы» Кеңес үкіметі тарапынан қысымшылық көріп жабылғанда Х.Болғанбаев пен С.Қожанов педагогтік қызметке ауысты.

1919 жылы 17 желтоқсанда Орынборда «Ұшқын» атты газет екі бет болып жарық көрді. Кейін аты өзгеріп, «Еңбек туы» (1920), «Еңбекшіл қазақ» (1921–1925), «Еңбекші қазақ» (1925–1932), «Социалды Қазақстан» (1932–1937), «Социалистік Қазақстан» (1937–1991), «Егеменді Қазақстан» (1991–1993) болып шықты. 1993 жылдан бастап «Егемен Қазақстан» атымен шығып келеді. Газет Орынбордан кейін Қызылорда қаласында басылды. 1929 жылдан бастап Алматыда басылып келеді. 1932 жылдан бері аптасына 5 (кейде 6) рет шығады [10].

«Ұшқын» («Егемен Қазақстан») жетекші басылым ретінде еліміз бастан өткерген барлық тарихи кезеңдер мен оқиғаларға дер кезінде үн қосып отырды. «Ұшқын» атты жаңа газет шықты дегенде сөз сарбазы Ташкенттен Орынборға асыға аттанады. Хайретдиннің «Ұшқынның» редакция алқасының мүшесі болғаны жөніндегі деректер Мемлекеттік архивтің 921-қорындағы құжаттарда кездеседі [9; 186].

1920 жылдың көктем–жазында жалынды ақын Бернияз Күлеев редакторлық еткен «Ұшқын» газеті қазіргі уақытта «Егемен Қазақстан» деген атпен Қазақстандағы ең беделді мерзімді басылымдардың біріне айналды. Біздің ойымызша, «Егемен Қазақстан» газетінің бастау кезеңінде еңбек еткен Х.Болғанбаевты, аз ғұмырын жақсылар қасында, баспасөз басында өткізген тұлғаны қарашаңырақ газеттің қилы заманда сынып түскен бір уығы деп әрдайым еске алған жөн. Өйткені соңғы кезде арыстар тағдыры мол зерттелгенімен, Х.Болғанбаев қалтарыста қалып келеді.

Х.Болғанбаев — ұлттық ағарту ісіне үлкен үлес қосқан тұлға

XX ғасыр басында тарих сахнасына келген Алаш зиялылары қазақ халқын қоғамдық дағдарыстан шығарар жол — ғылым мен оқу-ағарту салалары деп білді. Әсіресе Алашорда үкіметін большевиктер талқандаған соң қазақ оқығандары оқу-ағартуға жаңа қарқынмен кірісті. 20-жылдары қазақ баспасөзі осы мақсатта жұмыс атқарды. Газет-журналдарда қазақ зиялыларының өткір, ашы мақалалары жарияланып, халықтың санасын оятуға тырысты. Мысалы, қазақ халқының рухани көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының сапындағы бірегей жатқыр тұлға — Хайретдин Болғанбаев оқу өнері, ғылым үйрету, оқулықтар туралы ой-толғамдарын «Қазақ», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұшқын», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттеріне жариялағаны мәлім.

Жалпы, XX ғасырдың басында Алаш зиялыларының қай-қайсысы болмасын өз ұлты үшін, елінің болашағы үшін аз тер төккен жоқ. Өйткені отарлық қыл бұрауынан қасірет жайлаған қазақ халқының өміріндегі қиыншылықтарға XX ғасыр басында кесе-көлденең шыққан ер-азаматтарын, халқының қамын жеген ардақты ұлдарын ойландырған үш мәселе болды. Бұл үш мәселе түпкілікті шешілмей қазақ халқының қараңғылық пен надандықтың уысынан құтылмасы айқын-ды. Бұлар — біріншіден, жер мәселесі; екіншіден, оқу-ағарту ісі; үшіншіден, ел басқару жайы еді. Қолына қалам алып, газетке хат жолдай бастағаннан-ақ Хайретдин де осы үш мәселе төңірегінде өз ойларын көпшілікке жеткізіп отырды [11].

Дүние жүзінде өзінің тарихи отаны жоқ халықтар қаншама. Тіпті олар «Мынау менің жерім» деп айтуға зар болып жүр. Аллаға шүкір, ол жағынан алғанда, Қазақ ұлты — бақытты халық. Өйтсе де жер көлемі жөнінен тоғызыншы, аумағына бес Франция сыйып кететін қазақ елінде ұлтарактай жерге зар болып жүргендер баршылық.

Ал кезінде жерімізді мұжыққа бермеу үшін Алаш көсемдері жанын салған болатын. Алашордашылар: «Қазақстанда келімсектерді қоныстандыратындай артық жер телімі жоқ» деп ғылыми тұжырымдама жасады. Өкінішке қарай, аталмыш байлам озбыр империяның қазақтарға деген өшпенділігін арттыра түсті. Саясат сахнасында өзіндік орны бар Хайретдин Болғанбаев жер үшін таласта батыл әрекет етіп, «Бортан» деген бұркеншік есімімен «Жер жалдау» атты тамаша еңбегін жариялады. Бұл шығарманың жазылу себебі — қазақ жеріне «қарашекпен» атанған орыс шаруаларының көшіп келуіне байланысты, қазақ сахарасында осы кезеңде туған жер саясатының әлегі.

Қазақ сол бұрынғы көшпелі қалпында қалу керек пе, жоқ, 15 десятинадан жер кестіріп, егін егіп, бау-бақша салып, отырықшы болғаны жөн бе? Өзінің «Жер жалдау» атты мақаласында Хайретдин осыны тілге тиек етеді: «Ақтөбе уезі, бірінші Бөрте болысы, 3-ауыл отырықшы болғанына екі жыл болмай-ақ, берілген жерлерін жалдай бастады. Ауру қалса да, әдет қалмайды деген ғой, бұрын кеңшілікте жер жалдап жаман үйреніп қалған отағасылар бүгін жер тарылды екен, жұрттың тамақ асырап отырғаны жалғыз сол екен деп, ескі мінездерін қалдыра алатыны көрінбейді», — деп жазады да, әлгі хабарына мынандай дерек келтіреді: «Быттыр осы ауылдың атқамінер отағасылары мен бірсыпыра икемді жастары мешіт салуға жарамды деп 300 десятина жерді бір орысқа арендаға берген еді. Бірақ содан бері бір заман өгіпті, не ақша, не мешіттің қайда жүргенін білген кісі жоқ.

Бұл — быттырғы іс.

Енді биыл тағы да әлгі отағасылар мен икемді мырзалар мешітті сылтау қылып, жұрттың ырзалығынсыз 250 десятина жерді арендаға беріп отыр. Бұған ырза болмаған бірсыпыра адамдар бастапқы кезде олай қыламыз, былай қыламыз деп жүр еді, бір күні әлгі атқамінерлер бір мал сойып етке тойғызған екен қарқындары сонымен басталыпты. Сорлы қазақ бір күн етке тойса, жүз жылғы пайдасын ұмытатынын жазған ғой.

Бұл енді биылғы іс.

Міне, біздің ауылдың отағасылары мен икемді ел бастайтын жастарының қимылдары» [4; 59], — дейді жаны күйіп, ызасы келген ұлт санаткері.

Алыстан болжап, тереңнен ойлайтын Хайретдин жергілікті ұлттың қара шекпенділерден қорлық-зорлық, теперіш көре бастағанын, азын-аулақ тұяғын «арқандап отырып бақпаса, қалай бағатынын», жалқаулықтың, енжарлықтың салдарынан бақыттың құсын өзі үркітіп ұшырғанын қынжылыспен былайша баяндайды: «Бүгін мешіт салам деп ұлтарақтай жерін сатып бітіріп алып ертең бала-шағасын асырау үшін елдің еркегі маңайындағы қарашекпеннің малын бағып, көшесін сыпыруға кеткенде ол мешітке кім кіріп құлшылық қылмақшы. Мұндай бір күннің келуіне шек қылуға жарамайды: бұл күн жердің арқасында аз-маз астық шашып, сонымен тамақ асырап отырған онан басқа һешбір нәсіпті білмеген бір жұрттың қолындағы жері бітсе әлгідей болмай не болмақшы? Осы күні орысқа жалдап тоздырып алған жерді соңынан өңдеп іске жарату екі бастан біздің қазақтың қолынан келмейді.

Онысы әлі тұра тұрсын, мына биыл сатқан жердің бір шеті ауылдың іргесіне тиіп жүр. Жұрттың осы күні аз да болса қара-құрасы бар. Бүгінге шейін сол аз малдарын осы сатқан жерлеріне жайып отыратын еді. Енді мұнан соң қозы-лағына шейін арқандап отырып бақпаса, қалай бағады?

Күн сайын орыстың егініне малын түсіріп штраф төлеп отырғанын көрерміз әлі. Міне, осы күнгі алған ақшаның қызығын сонда көрер жұрт» [4; 59, 60].

Жанын шүберекке түйіп, нар тәуекел деп қып-қызыл майданға түсу Алаш қайраткерлеріне тән қасиет еді. «Аталы сөзі атан түйеге татитын» тарланбоз Хайретдин Болғанбаев та ұлт тәуелсіздігі, жер-су, орман-ну тағдыры туралы ой-толғамдарын ашық айта келе, аталмыш мақаласын: «Бейшара қазақ, өзді-өзін қыспаққа салып кең жерінді тартып алған соң, сол қыспақтың әдісін де үйрену керек еді. Сен ондай әдістің мыңнан бірін білмейсің. Жалғыз-ақ қарап отырғаның сол бір алақандай жерің. Сауда қылуды білмейсің, ауылыңдағы дүкен не орыс, не ноғайдікі, өнер білмейсің: үйінді салып жатқан ылғи ноғай, ең ақыры киімінді өзің тігуге үйренбей, ноғай тігушіге ақша беріп отырсың. Қысқасы, не керек болса, өзінде бірі де жоқ, бәрі басқанікі. Ең ақыры моншаға шейін» [4; 60], — деп аяқтайды.

Айтса айтқандай, сарт саудагерге бір жем болып, ноғай молда мен татар тігіншіге екі жем болып тапқан-таянғанын тамағына жеткізе алмай отырған сорлы қазақты, бейшара ұлтын көрген соң, халқының сонда да еңбекке қырсыздығын, жалқаулығын сезген соң Хайретдин осылай демей не десін?

Ұстаз-педагог Х.Болғанбаев «Медресе Хасениде қазақ балалары» дейтін еңбегінде қазақ балаларының қаншалықты дәрежеде оқуға ұмтылып жатқаны, оқу мен ғылым іздеп талпынып жүргендер көбінесе сіңірі шыққан кедей балалары екендігі туралы былай ой қозғайды: «Біздің жұрттың арасында осы күні ғылым іздеп талпынып жүргендер көбінесе жарлы балалары. Ауқатты, тәуір, бай балалары бірен-саран болмаса оқуға көздерінің қырын да салмайды. Білімге сусаған бұл сорлылар қанша талаптанса да қолдарының қысқалығынан жігерлері құм болып ойлаған жерлеріне жете алмай орта жолда қала береді. Өздері ғылым керек қылмаған байлар бұларды сүйемелеп жіберуді әлі білмейді...

Біле білсе, біздің байлар мұнан намыстануға керек еді. Өз жатақтарын басқаларға телміртіп қойып барлық малын, дүние-жұртты пайдасыз жерге шашудан ұялуға тиіс еді. Бірақ қайтесіз, надандық тұманы халқымыздың көз әрін байлап, оң мен солын, қисық пенен жөнді ашық көрсетпей отыр: әрине, біздің жұрт та осы күйімен ылғи надандыққа қарай сүңгіп кете бермес. Бір уақытта малын орнына жұмсайтындар да шығар. Бірақ ол уақытқа шейін заман бізді күтіп тұрмас. Ұйықтағандар оянсын деп уақыты біткен соң Күн шықпай тұра ма? Заманның ағымы да нағыз сол сияқты, икемін осы күні білерге керек» [4; 47, 48].

Саликалы ардагердің салмақты ойынша: «...Осы күнгі халқымыздың нашарлығы, бүкіл жұртымыздың күннен-күн төмендеп бара жатқандығы һәркімге мағлұм болса керек. Егер осы бетімен барса, ақыры қайда барып тоқтарын бір Құдай өзі білсін! Міне, осы күйге түсуіміздің ең үлкен себебі — надандығымыз. Енді бұл жұрттың ауруына ем, адасқанына жөн сілтеп ілгері бастыратын ерлер керек. Жұрттың жұрттығын сақтап, ұйқысын ашатын ерлер керек» [4; 49, 50]. Сөйтіп, танымы терең, жоғары мәдениетті Х.Болғанбаев ардан жаралған, арыстан туған ерлерді армандайды.

Жалын мен оттан жаралған Хайретдин Әбдірахманұлы әрбір туындысында мейлінше сара пікірлер өрбітіп, жұтынтып жеткізген. Осы сөзіміздің растығына оның ел басқару, болыс сайлау, ауылнай сайлаудағы келеңсіздіктерді жою мақсатында жазылған «Сайлау» атты әңгімесі куә.

Ресейдің қолтығына енгелі қазақ арасына сайлаудың жаңа түрі енді. Хандық жойылғаннан соң шыққан сұлтан, болыс, ауылнай сайлаулар қазақ арасын шілдің қиындай тоздырды. Ел жік-жікке, ру-

руға, партияға бөлінетін болды. Сайлау болған жерде пыш-пыш әңгіме, жанталас орын алды. Елдің ұйтқысы бұзылды. Жұрттың ынтымағы, ұйымы қашты.

Сайлауда жеңілген жақтың түрін, ойлаған ойын, кіжінгендерін көріп Хайретдиннің үрейі ұшады. Сондықтан осы сайлауда зияннан басқа не бар деп ойлайды ұлт зиялысы. Бұл ойын ол былай түйіндейді: «Әлден-ақ екі жақ бір-біріне қырын көз, кекесін сөз, бет салқындығын білдіріп тұр. Болған жақ болмаған жақты қанша білдірмеймін десе де сөзбен шағып, тілмен түйреп отыр. Осының бәрі жеңіл бітетін жара емес. Келер штатты осы күннен сағынып отырғандар тағы осымен тегін қалдырса. Партиялықтың осындай зор зиянын көретін көзі, сезетін санасы жоқ надан қара халыққа кейігеннен басқа айтар сөз жоқ. Бірақ осы ауылдарда бұларды бізден артық аңдарлық орысша, мұсылманша оқыған жігіттер аз емес. Міне, осылар жұрттың мұндай берекесін кетіретін бәледен бездіруге амал қылу керек еді. Көптен қазақтың қанына сіңіскен бұл дертті біржола жоқ қылып тастамағанмен, елдегі осындай жаман әдетке қарсы тұру әрбір көзі ашық қазақ баласының міндеті емес пе?» [4; 55].

Ел ішіндегі партияшылдық сияқты сұмдық-сойқандарды көргенде: «Иә, Алла! Адасқан Алашынды тура жолға өзің баста!..» [4; 56] — деп, жоғарыдағы кереметке сыйынады.

Қорыта айтсақ, өрі-қыры бірдей Х.Болғанбаевтың ойшылдық-зерделіліктен, мейірім-шарапаттан туындаған түйінді ой-пікірлері, елдің есеюі, көркеюі жолындағы ардақты істері, ағартушылық қызметі — ұлт руханияты тарихындағы айрықша бір құбылыс, өзгеше бір әлем.

Х.Болғанбаев туған жерінің жанашыры болған

Торғай жері — Ахмет Байтұрсынұлымен, Міржақып Дулатовпен, Жезқазған жері — Сәкен Сейфуллинмен, Қызылорда жері — Мұстафа Шоқаймен, Талдықорған жері Мұхамеджан Тынышпаевпен мақтанады. Ал бүкіл ұлттың баласы болған Хайретдин Болғанбаев — Қорғалжын жерінің мақтанышы.

Қорғалжын ауданы — қазіргі Ақмола облысындағы әкімшілік бөлік. 1928 жылы құрылған. Қорғалжын — Ақмола облысы Қорғалжын ауданындағы ауыл, аудан орталығы. Облыс орталығы Көкшетау қаласынан оңтүстікке қарай 315 км жерде. Іргесі 1923 жылы қаланған [12].

Әу баста жаңадан ашылған Қорғалжын ауданы қай жерге салынуы керек деген мәселе туындағанда, қасына астанадан келген өкілдерді ертіп жүріп, қазіргі аудан жерін белгілеген, оның алғашқы қазығын қаққан Хайретдин Әбдірахманұлы болған. Ол — Қорғалжында алғашқы мектептің ашылуына, балалардың оқып, сауат ашуына ұйытқы болған адам.

Бір қызығы, кейбір ауыл ақсақалдары: «Қарағым-ау, бұл жерде аудан орналасса, малымыздың өрісі тарылады ғой, бұл не қылғаның, жаның ашымағаны ма?» — деп өкпе айтыпты. Сонда Хайретдин: «Әй, бауырларым-ай, сендерге неге жаным ашымасын, ашиды ғой. Мен жаңа ауданның орны үшін жүгіріп шыр-пырым шыққанда, сендерді ойлап қам жеп жүрмін ғой. Мына заман құбылмалы болып тұр. Ертеңгі күн алда не тұр? Аштық, қиыншылық бола қалса, түгел қырылмайсыңдар ма? Ал егер аудан іргемізде болса, дүкен, каператіп дегендер ұйымдастырылады. Алда-жалда соған қолыңдағы нәрселеріңді өткізесің де тамақ, киім-кешек аласыңдар ғой, сүйтіп, күнелтпейсіңдер ме? Аудандық жерде мектеп ашылады, онда жас ұрпақ оқып, хат таниды, білім алады, әрі қатынасқа жақсы. Ауырып-сырқасаңдар аурухана да әзір, заң орындары болады. Мысалы, прокурор, сот, милиция органдары сіздердің бір қамқорларыңыз» [13], — деп жауап беріпті.

Қазіргі уақытта аудан аумағындағы 26 елді мекен 8 ауылдық әкімшілік округке біріктірілген. Аудан Теңіз-Қорғалжын ойысында орналасқан. 1957 жылдан бастап астық өндіретін кеңшар орталығы, өйткені топырағы қоңыр, күңгірт қоңыр, Нұраның аңғары қара топырақты. Аудан аумағында мемлекеттік «Қорғалжын қорығы» ұйымдастырылған.

Түйін

Сөз соңында айтарымыз, ұлтты дамыту, өркендету жолында аянбай тер төккен, тіпті жанын құрбан еткен Хайретдин Болғанбаевтай дара тұлғаны тану мен таныту — елдігімізге сын, бүгінгі замандастарымызға да, ұрпақтарымызға да мерей. Тоталитарлық жүйе оны екі мәрте репрессиялады. Соңғысында зұлымдықпен көзін жойып тынды.

Қорғалжындық ақын Мұқан Сағымбекұлы мына өлең жолдарымен [14] бәріміздің атымыздан жаладан жапа шегіп, халқының асқақ мақсат, мұрат-мүддесі үшін өмірін қиған асыл азаматымыз алдында кешірім сұрағандай болады:

*Жаңарған Қорғалжыным жылдан жылға,
Ардақты өнеге ұл мен қызда.
Сені емген, сенде туған, сенде өскен
Хайретдин Әбішұлы — асыл тұлға.*

*Хайретдин ерке ұлың думан құрған,
Жазушы толқынында аты тұрған.
Қаламгер әрі ақын, журналист,
Халық үшін өмірін де етті құрбан.*

*«Жосалы» туған жерін мақтан көрген
Жыр толғап жүрегінен тебіренген
Салғызған тұңғыш рет қызыл үйлер,
Күлімдеп кун астынан көтерілген.*

*Талынған табиғатты өзгертем деп
Жан болып кетпейін деп өмірден тек.
Білімін қараңғы елге шырақ еткен,
Ұрпағым қалмасын деп өнер шеттен.*

*Өтті ғой, Хайретдиндей ақын ұлдар,
Қорғалжын құтын еміп, өскен бұлар,
Тағынып жырдан қанат, сөзден семсер,
Халқының жаршысы боп талай жылдар.*

*Қырандай желге қарсы қаңтарда ұшқан,
Қиялы келешектің нұрын құшқан.
Жетем деп атар таңның сәулесіне,
Қараңғы надандықты көрген дұшпан.*

*Сондықтан соны жерден салды соқпақ,
Әр сөзі адамдықтық арын жоқтап.
Тірліктің бар қасиеті өнер, білім,
Қалғаниша көз жұмылып, көңіл тоқтап.*

*Жазықсыз қуғын-сүргін көрген кісі,
Елімнің тарихында ерлік ісі.
Рахима — Хайретдиннің сүйген жары
Өсірген екі ұл, бір қыз тәрбиесі.*

*Рахима Әкпарқызы бала өсірген,
Өмірден өшпейтұғын ер есіммен.
Көрсен де қуғын-сүргін неше атасын,
Ажалды тұншықтырды кеудесімен.*

*Қойныңнан шықты асылдар ауыл сенің,
Ой салып толғандырған, өрендерің.
Хайретдин жазықсыз боп атылса да,
Өзіңді ұмытпайды туған елің.*

*Хайретдин жарына айтты: «Кетпе елден,
Айдалып кетіп барам бөтен жерден.
Ұмытпай айта жүрсін кейінгі ұрпақ,
Жүрейін көзімді алмай туған жерден.*

*Қоржынкөл, Жосалы көл, Жасыл көлім,
Қаратомар, Атақозы, Нұрбай жерім.
Әліптомар, Әліп қоңырданы ағайындар
Құйылған толқынына жасым менің.*

*Жатайын сылдырыңды тыңдап қана
Жолыңа құрбан болған басым менің».*

*Гүлденер дала селдеп нөсерменен,
Кілемдей жасыл жерге нұр төселген.
Жаңғырып тау іші де жауап береді,
Армысың арда аяулы аға десем.*

*Өлмейтін жан жоқ екен бұл жалғанда,
Қол созар сағым сынды бір арманға.
Ұрпақтар аттарынан тағзым етем,
Шоқтығы биік тұрған ұлы адамға...*

Хайретдин Әбдірахманұлы Болғанбаевтың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, XX ғасырда Қазақ елін өз алдына дербес те егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі ниеті тек XX ғасырдың соңында ғана жүзеге асты.

References

- 1 Kazakhstan. National encyclopedia. — Vol. 2 / Editor-in-chief A.Nysanbayev. — Almaty: Main edition of «The national encyclopedia», 1999. — 720 p.
- 2 Sort «Temesh» family tree. — Astana: Saryarka, 2009. — P. 22, 23.
- 3 *Kamzabekula D.* Prominent representative Alasha Hayretdin Bolganbayev / H.Bolganbayev Works. Edifications. — Astana: Alemi's ParasAT publishing house, 2005. — P. 171–176.
- 4 *Bolganbayev H.* Works. Edifications. — Astana: Alemi's ParasAT Publ. house, 2005. — 256 p.
- 5 *Negimov S.* Hayretdin Bolganbayev — the person who has received an official message of thanks from Moustapha Chokaya, a praise from Magzhan Zhumabayev // Zhuldyz. — 2006. — № 9. — P. 180–182.
- 6 *Caen G.V., Shayakhmetov N.U.* History of Kazakhstan: Textbook. — Almaty: Almatykitap, 2007. — P. 194.
- 7 *Kydyrali D.* The life given for unity and independence Turkestan / H.Bolganbayev Works. Edifications. — Astana: Alemi's ParasAT publishing house, 2005. — P. 200.
- 8 *Zhumabayev M.* Works: Poems, poems, edification words. — Almaty: Zhazuhy, 1989. — P. 211.
- 9 *Borangaliula T.* The valuable detail which has broken away from shanyraca / H.Bolganbayev Works. Edifications. — Astana: Alemi's ParasAT Publ. house, 2005.
- 10 Kazakhstan. National encyclopedia. — Vol. 3. / Editor-in-chief A.Nysanbayev. — Almaty: Main edition of «The national encyclopedia», 2001. — P. 336.
- 11 *Sapunov N.* Writer Hayretdin Bolganbayev / H.Bolganbayev Works. Edifications. — Astana: Alemi's ParasAT Publ. house, 2005. — P. 112.
- 12 Kazakhstan. National encyclopedia. — Vol. 6. / Editor-in-chief B.Ayagan. — Almaty: Main edition of «The national encyclopedia», 2004. — P. 49.
- 13 *Nurmagambetov K.* Hayretdin aha always cared of the people ... / H.Bolganbayev Works. Edifications. — Astana: Astana Alemi Publ. house, 2005. — P. 139.
- 14 *Sagimbekula M.* Your name won't be buried now Oblivion / M.Sagimbekula Gray fall in Kurgaldzhino: poems, were, poems, thoughts. — Kokshetau: SP «Izotov S.In», 2008. — P. 114–117.

Р.С.Каренов

**Хайретдин Болганбаев — один из активных деятелей
Алашординской организации**

В статье описаны жизнь и деятельность одного из лидеров партии «Алаш» Хайретдина Болганбаева. Показано, что он был пламенным журналистом и просвещенцем; его многочисленные статьи появлялись в просветительской газете «Казак» и газете Туркестанской интеллигенции «Бирлик туы». Отмечено, что Х.Болганбаев активно сотрудничал с этими изданиями и работал в системе народного образования в Ташкенте, Акмоле и Петропавловске. Человек чести и совести, он всячески выступал против тоталитаризма, примкнул к национально-освободительному движению народов Туркестана. Указаны такие важные вехи биографии, как репрессии. Автором высказано пожелание ученым, исследователям: продолжить изучение и пропаганду творческого наследия видного деятеля Алаша Хайретдина Болганбаева.

R.S.Karenov

**Hayretdin Bolganbayev — one of active figures
of the Alashordinsky organization**

Life and activity of one of Hayretdin Bolganbayev's Alash party leaders are described. It is shown that he was the ardent journalist and a prosvyashchenets, his numerous articles appeared in the educational newspaper «Kazakh» and the newspaper of the Turkestani intellectuals «Birlik tuı». It is noted that he actively cooperated with these editions and worked in system of national education in Tashkent, Akmolá and Petropavlovsk. The conclusion is drawn that he was the person of honor and conscience therefore in every possible way opposed totalitarianism. Locates, what not casually it adjoined national-liberation movement of the people of Turkestan. It is specified that he subjected to repression twice: in 1928 a stage sent to Western Siberia, and in 1937 shot. The wish to scientists, researchers expresses: to continue studying and promotion of a creative heritage of eminent person Alash — Hayretdin Bolganbayev.